

Автомобиль жолдарын және жол құрылыстарын пайдалану кезіндегі жұмыстарды жіктеу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Көлік және коммуникациялар министрлігі Автомобиль жолдары және инфрақұрылымдық кешен құрылысы комитеті төрағасының 2004 жылғы 14 маусымдағы N 89 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 8 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 2938. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 25 наурыздағы № 166 бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2011.03.25 № 166 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң күшіне енеді) бұйрығымен.

Автомобиль жолдарын пайдалану кезінде орындалатын жұмыстар түрлерінің тізбесін және оларды топтарға жіктеудің негізгі қағидаттарын нақтылау мақсатында Бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырған Автомобиль жолдарын және жол құрылыстарын пайдалану кезіндегі жұмыстарды жіктеу жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Автомобиль жолдары және инфрақұрылымдық кешен құрылысы комитетінің Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету және техникалық саясат басқармасы (Бекбосынов А.І.) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Автомобиль жолдары және инфрақұрылымдық кешен құрылысы комитеті төрағасының орынбасары Ә.М.Ермұқановқа жүктелсін.
4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
К ө л і к ж әне к о м м у н и к а ц и я л а р
м и н и с т р л і г і н і ң А в т о м о б и л ь
ж о л д а р ы ж әне и н ф р а қ ұ р ы л ы м д ы қ
к е ш е н қ ұ р ы л ы с ы к о м и т е т і
т ө р а ғ а с ы н ы ң " А в т о м о б и л ь

жолдарын пайдалану кезіндегі
жұмыстарды жіктеу жөніндегі
нұсқаулықты бекіту туралы"
2004 жылғы 14 маусымдағы
N 89 бұйрығымен
бекітілген

Автомобиль жолдарын және жол құрылыстарын пайдалану кезіндегі жұмыстарды жіктеу жөніндегі нұсқаулық

1. Жалпы ережелер

1. Автомобиль жолдарын және жол құрылыстарын пайдалану кезіндегі жұмыстарды жіктеу жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) Қазақстан Республикасының жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының желісіне таралады және оларды жөндеу мен күтіп ұстауға арналған кететін шығындарды жоспарлауға және үлестіруге байланысты мәселелерді шешуге арналған.

2. Нұсқаулық автомобиль жолдарын пайдалану кезінде орындалатын жұмыстар түрінің тізбесін және оның автомобиль жолдарының пайдаланылуын, күтіп ұстауын, көгалдандыруын, ағымдағы, орташа және күрделі жөндеу жұмыстарын басқару жөніндегі топтарға жіктелуінің негізгі қағидаттарын белгілейді.

3. Нұсқаулық жол-жөндеу жұмыстары мен олардың орындалуы үшін республикалық және жергілікті бюджеттерден бөлінетін қаражаттардың көлемін негіздеу үшін қолданылады.

4. Осы нұсқаулықта мынадай анықтамалар пайдаланылады:

1) Жол төсемесі - бұл автокөлік құралдарының жүктемесін қабылдайтын және оны топыраққа беретін автомобиль жолының жүру бөлігі шегіндегі көп қабатты құрылым.

2) Автомобиль жолдары мен жол құрылыстарын күтіп ұстау - бұл жолды, жол құрылыстары мен бөлу жолақтарын оларды тиісті жарамды, таза күйінде сақтау және жолдардағы қозғалыстың бүкіл жыл бойы толассыз, қауіпсіз және ыңғайлы болуын қамтамасыз ету мақсатында жүйелі түрде күту.

3) Ағымдағы жөндеу - барлық жыл бойы оның бүкіл ұзақтығына жүргізілетін жолдар мен олардың құрылыстарындағы ұсақ зақымдардың алдын алу және жедел түзету тәртібімен орындалатын жұмыстар.

4) Автомобиль жолын жөндеудің маршруттық тәсілі - көлік қозғалысы үшін қауіпті ақауларды жою жөніндегі және ауданы 500 шаршы метрге дейінгі жергілікті учаскелердегі жол жамылғысының тегістілігін қалпына келтіру

жөніндегі жұмыстарды қоса алғанда, ағымдағы жөндеу қаражаты есебінен маршрут бойынша орындалатын жөндеу іс-шараларының кешені.

5) Жолдарды орташа жөндеу - жол мен жол құрылыстарының бастапқы пайдаланылу сапасын қайта қалпына келтірумен байланысты жұмыстардың к е ш е н і .

6) Күрделі жөндеу - бұл орындалуы кезінде тозған конструкциялар мен бөлшектер ауыстырылатын немесе оларды жөнделетін нысандардың тасымалдау-пайдалану сипаттамаларын жақсартатын және жолдардың техникалық нормативтерінің артуын, осы жол үшін белгіленген техникалық санатқа сай келетін нормалардың шегінде жол төсемесі беріктігінің артуын қамтамасыз ететін одан да берік тиімділермен алмастырылатын жұмыстар кешені. Бұл жөндеу түріне табиғи апаттардың салдарын жою және жол инженерлік құрылыстарды қайта қалпына келтірумен байланысты жұмыстар ж а т а д ы .

7) Жол төсемесінің жөндеуаралық қызмет мерзімі - бұл салу, қайта қалпына келтіру немесе күрделі жөндеуден кейін жолды пайдалануға берген сәттен бастап жол құрылымының тасу қабілетін арттырумен (күшейтумен) байланысты кезекті күрделі жөндеуге дейінгі кезең.

8) Жол жамылғысының жөндеуаралық қызмет мерзімі - бұл салу, қайта қалпына келтіру, күрделі немесе орташа жөндеуден кейін жолды пайдалануға берген сәттен бастап тозу қабатының орнын толтыруға және тегістік пен тіркелу қасиеттерін көлік қозғалысының қарқындылығы бойынша қажетті мәнге дейін қалпына келтірумен байланысты кезекті орташа жөндеу жүргізуге қажеттілік туындағанға дейінгі кезең.

9) Автомобиль жолдары мен жол құрылыстарын пайдалануды басқару - автомобиль жолдары мен жол құрылыстарын диагностикалау және жол-жөндеу жұмыстарының экономикалық негізделген стратегиясын әзірлеумен бірге мониторинг жүргізу негізінде олардың қажетті техникалық деңгейін және көліктік-пайдалану жай-күйін қамтамасыз ету жөніндегі ұйымдастырушылық және реттеушілік іс-шаралар.

10) Автомобиль жолдары жай-күйінің мониторингі - пайдалану немесе қоршаған ортаның ықпал етуінің нәтижесінде болуы мүмкін адамның араласуымен болған өзгерістерді байқау және бақылау, бағалау және болжау ж ү й е с і .

11) Жол-жөндеу жұмыстарының стратегиясы - бөлінетін ресурстарды тиімді пайдаланған жағдайда автомобиль жолдары мен жол құрылысы желісінің көліктік-пайдалану жай-күйінің бүтіндігі мен оны жақсарту жөніндегі ең тиімді ұзақ мерзімдік техникалық шешімдер мен басқарушы ықпалдар кешені.

12) Автомобиль жолдарын басқарушылар - автомобиль жолдарының

иеленушілері болып табылатын немесе шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында автомобиль жолдарын басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар.

5. Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары мемлекеттік меншік болып табылады. Олар есепті жылдамдықтағы көлік ағынының тәулік бойғы, жыл бойғы, толассыз қауіпсіз және ыңғайлы қозғалысын қамтамасыз етуге арналған. Олардың құрамына мыналар кіреді: бөлу жолақтары, жолдардың құрылымдық элементтері, жолдардың жағдайы мен жайғастырылуы, су бұру және су өткізу құрылыстары, көпірлер, жол өткелдері, көлік айырымдары, виадуктер, тоннельдер, қорғаныс галереялары, жол қозғалысының қауіпсіздігін арттыруға арналған құрылыстар мен құрылғылар, орман алқаптары, газондар, гүл бақтары, гүлзарлар, безендіру өсімдіктері, желілік тұрғын үйлер мен мемлекет меншігі болып табылатын жол-пайдалану қызметінің кешендері.

6. Автомобиль жолдары мен жол құрылыстарын пайдалану кезіндегі жол жұмыстары автомобиль жолдары мен жол құрылыстарын басқаруға, күтіп ұстауға, жолдарды қысқы күтіп ұстау мен көгалдандыруды, ағымдағы, орташа және күрделі жөндеулерді қоса алғанда күтіп ұстауға бөлінеді.

7. Автомобиль жолдары мен жол құрылыстарын пайдалану жөніндегі жұмыстарды жүргізуге арналған нақты бөлінген ақша ресурстары жолдар мен жол құрылыстарының көлік-пайдаланымдық жай-күйін тексеру және диагностикалау материалдары және жол-жөндеу жұмыстарының жасап шығарылған стратегиясы негізінде белгіленген, жүргізілетін жөндеу іс-шараларының түрлерін негізге ала отырып үлестіріледі.

8. Автомобиль жолдарын пайдалану кезіндегі жіктелетін жұмыстар осы жұмыс түрлеріне арналған жол саласындағы нормативтік-техникалық құжаттардың қолданыстағы талаптарына сәйкес орындалады.

2. Автомобиль жолдары мен жол құрылыстарын пайдалануды басқару

9. Автомобиль жолдары мен жол құрылыстарын пайдалануды басқару мынадай ұйымдастыру және регламенттеу іс-шараларын қамтиды:

1) автомобиль жолдары мен жол құрылыстарының диагностикасы және м о н и т о р и н г і ;

2) жол-жөндеу жұмыстарының стратегиясын негіздеу және қажетті қаржылық ресурстарды жоспарлау;

3) көлік қозғалысының қауіпсіздігі мен қолайлылығын ұйымдастыру және қ а м т а м а с ы з е т у ;

4) автомобиль жолдары мен жол құрылыстарының сақталуын қамтамасыз ету

және оларды уақытынан бұрын тозудан сақтау;

5) автомобиль жолдары мен жол құрылыстарын пайдалануды басқару жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру, үйлестіру, реттеу және бақылау.

10. Автомобиль және жол құрылыстарының диагностикасы мен мониторингі жөніндегі іс-шаралардың құрамына мынадай жұмыстар кіреді:

1) күтіп ұстаудың сапасын бағалай отырып, жолдар мен жол құрылыстарын жүйелі түрде (көктемде, күзде және ай сайын) тексеру;

2) жолдар мен жол құрылыстарының техникалық деңгейін және көлік-пайдаланымдық жай-күйін бағалай отырып, көзбен шолып және аспаптық тексеру, жолдарды паспорттау;

3) жолдардағы көлік қозғалысының қарқындылығын және құрамын есепке алу;

4) жолдар мен жол құрылыстарының техникалық деңгейі және көлік-пайдаланымдық жай-күйі туралы дерекқорын қалыптастыру және оны ұдайы жаңартып отыру;

5) жол зертханаларын құралдары мен жабдықтарын тіркеу, аттестациялау және үнемі тексеру жүргізу.

11. Жол-жөндеу жұмыстарының стратегиясын негіздеу және қаржылық ресурстарды жоспарлау жөніндегі іс-шаралардың құрамына мынадай жұмыстар кіреді:

1) күтіп ұстау және жөндеулер жөніндегі жұмыстарды негіздеумен, жолдар мен жол құрылыстарының көлік-пайдаланымдық жай-күйі туралы ақпараттық дерекқорын талдау;

2) жолдар желісінің жай-күйін болжай отырып, жол-жөндеу жұмыстарының стратегиясын жасау. Жол жөндеу жұмыстарының ағымдағы және келешектегі жоспарларын, соның ішінде жолдар желісін күтіп ұстаудың жоспарларын құру;

3) жолдар желісін талап етілген пайдаланымдық жай-күйде сақтау және қолдау үшін қажетті қаржылық ресурстарды жоспарлау;

4) жол қозғалысының қауіпсіздігін арттыру және жол-көлік оқиғалары (бұдан әрі - ЖКО) шоғырланған жерлерін жою жөніндегі бағдарламаларды әзірлеу.

12. Жолдардағы көлік қозғалысының қауіпсіздігі мен қолайлылығын ұйымдастыру және қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралардың құрамына мынадай жұмыстар кіреді:

1) автокөлік ағындарының қозғалыс тәртібін зерттеу, жолдарды таңбалау сұлбасын әзірлеу, жол белгілерін орналастыру, қозғалыс жылдамдықтарын реттеу, қозғалысты басқарудың автоматтандырылған жүйесін ұйымдастыру;

2) ЖКО талдау, ЖКО болған жерлерді тексеру, себептерді айқындау және жол қозғалысының қауіпсіздігі шарттарын жақсарту жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

3) қозғалыс қауіпсіздігі тұрғысынан ең қауіпті жол учаскелерін айқындау

және апаттарды болдырмауға арналған алдын алу іс-шараларын әзірлеу;

4) құрылыс жұмыстарының өндірісін бөлу жолақтарының шегімен келісу;

5) автомобиль жолдары мен жол құрылыстарының коммуникациялармен және инженерлік желілермен жанасулары мен қиылысуларына арналған техникалық шарттарды және келісулерді әзірлеу;

6) жолаушылар мен жүктерді тұрақты автомобильдік тасымалдаулардың жаңа бағыттарын ашуды белгіленген тәртіпте келістіру;

7) желілік жол қызметінің қызметкерлеріне жолда зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсету тәртібін оқытуды ұйымдастыру;

8) жол жанындағы су көздеріндегі ауыз судың жай-күйіне санитарлық қадағалау жүргізуге арналған шарттар жасасу және олардың орындалуын бақылау ;

9) жол жанындағы коммерциялық сервис объектілерінің орналасуын келісу;

10) автомобиль жолдары өтетін аумақтардағы ауа райы болжамы туралы жүйелі ақпарат алу үшін гидрометқызмет ұйымдарымен шарттар жасасу;

11) қар өлшейтін бекеттердегі боран құбылыстары мен өлшеулерге жүйелі бақылаулар жүргізу ;

12) телефон, радио және ұялы байланыс, сондай-ақ телемеханика арналарын ұйымдастыру жөніндегі жұмыстарды белгіленген тәртіпте келістіру.

13. Автомобиль жолдары мен жол құрылыстарының сақталуын қамтамасыз ету және оларды уақытынан бұрын тозудан сақтап қалу жөніндегі іс-шаралардың құрамына мынадай жұмыстар кіреді:

1) автомобиль жолдары мен жол құрылыстарының жай-күйін және оларды пайдалану ережелерінің сақталуын ұдайы патрульдік қадағалау;

2) автомобиль жолдарын пайдалану және оларды қорғау тәртібін бұқаралық ақпарат құралдары бойынша насихаттау;

3) Қазақстан Республикасы заңды және жеке тұлғалардың меншігі болып табылатын ірі көлемді және ауыр салмақты көлік құралдарының өтуін келісу;

4) қолайсыз ауа-райы жағдайларында, сондай-ақ беріктігі жеткіліксіз жол төсемелерінің нашарлаған жол учаскелерінде жүгі ауыр көліктің қозғалысын шектеу және ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар енгізу.

14. Автомобиль жолдары мен жол құрылыстарының пайдаланылуын басқаруды ұйымдастыру, үйлестіру, реттеу және бақылау жөніндегі іс-шаралардың құрамына мынадай жұмыстар кіреді:

1) автомобиль жолдары мен жол құрылыстары желісін күтіп ұстау жөніндегі жол-жөндеу жұмыстарының орындалуын үйлестіру және реттеу;

2) жолдар мен жол құрылыстарын оқтын-оқтын түгендеу, есеп берулерді жасау ;

3) жолдарды күтіп ұстау және ағымдағы жөндеу кезінде сапа бақылауын

ұйымдастыру, бақылау және жол-жөндеу жұмыстарының сапасын қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру, сапа бақылауын аспаптық қамтамасыз ету;

4) жол-пайдаланымдық қызметінің кадрларын іріктеу, даярлау және қайта д а я р л а у ;

5) азаматтық қорғаныс объектілері мен жұмылдыру қоры қоймаларының сақталуын қамтамасыз ету және күтіп ұстау;

6) автомобиль жолдары мен жол құрылыстарының құрылымдарын және пайдалануды басқару әдістерін ұдайы жетілдіріп отыру.

3. Автомобиль жолдары мен жол құрылыстарын күтіп ұстау

15. Автомобиль жолдары мен жол құрылыстарын күтіп ұстау жөніндегі жұмыстар басқа жөндеу жұмыстарының түрлерінен жыл бойы үздіксіз орындалуы мен ерекшеленеді.

Жолдар мен жол құрылыстарын күтіп ұстау жөніндегі жұмыстарды уақытылы жүргізу мақсатында оларды шолу күнделікті жүзеге асырылады.

Жолдарды күтіп ұстау жөніндегі жұмыстарды жүргізу нәтижесінде жыл бойы көліктің толассыз, қауіпсіз және қолайлы қозғалысы қамтамасыз етілуі тиіс.

Күтіп ұстау жөніндегі жұмыстар жобалық құжаттама жасауды қажет етпейді. Оларды "Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарын жөндеу мен күтіп ұстауға арналған қаржыландыру нормативтерін бекіту туралы" (бұдан әрі - нормативтік қаржыландыру) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 сәуірдегі N 423 қаулысына сәйкес күтіп ұстауға арналған қаражаттардың шегінде, ақаулар ведомосі бойынша жолдарды тексеру нәтижелерінің негізінде ж о с п а р л а й д ы .

Автомобиль жолдары мен жол құрылыстарын күтіп ұстау жөніндегі жұмыстар көктемгі, жазғы және күзгі мерзімдердегі күтіп ұстауға, қысқы күтіп ұстауға, жолдарды көгалдандыруға және басқа да жұмыстарға бөлінеді.

16. Көктемгі, жазғы және күзгі мерзімдерде автомобиль жолдары мен жол құрылыстарын күтіп ұстау кезінде мынадай жұмыстар орындалады:

1) Жер төсемі және су бұру жүйесі бойынша:

Су бұратын жыраларды көктемде қардан, ал жазда қоқыстарды шығару арқылы салындылар мен балшықтан тазарту;

жол жиегіндегі, ісінген учаскелердегі құрғатқыш шұңқырларын қазу және т о л т ы р у ;

құламаларды тегістеу, шөптер егу;

шөптерді айнала ору және орылған шөпті жинау;

жер төсемінің жиектеріндегі және құламаларындағы бұталарды шабу, ағаштарды, жабайы өсімдіктерді тамырымен жұлу және шабылған

м а т е р и а л д а р д ы

ж и н а у ;

жол жиегін материалдарды себусіз тегістеу.

2) Бөлу жолақтары бойынша:

судың ағып кетуін қамтамасыз ету үшін бөлу жолағын тегістеу;
бөлу жолағындағы қоқысты жинау, оны тиеу және қоқыс төгетін жерге апару;

жол қозғалысының қауіпсіздігіне ықпал жасайтын (көрінімді шектеу және тағы басқалар) ағаштарды, бұталарды, жабайы өсімдіктерді шабу және тамырымен жұлу әрі шабылған материалдарды жинау;

бөлу жолағындағы өсімдіктерді айнала ору және орылған шөпті, қамысты ж ә н е қ у р а й д ы ж и н а у .

3) Жетілдірілген жамылғымен өту бөлігі бойынша:

өту бөлігін тазалау және жуу;
тұтқыр материалдары артығырақ учаскелердің күтімі.

4) Өтпелі жамылғылары бар жүру бөлігі бойынша:

жамылғыны балшықтан тазарту;
жамылғының бетіндегі шаңды сумен кетіру;
жамылғыны пішіндеу және тығыздау;
жамылғыдағы ұсақ тастар мен таскебектерді сыпыру, көшкінтастарды тазалау

5) Топырақты және топырағы жақсартылған жамылғымен өту бөлігі бойынша

пайда болған шұңқырларды, жолтабандарды, басқа да тегіс емес жерлерді жою үшін жамылғыны пішіндеу;

үтіктеу - ірі тегіс емес жерлер пайда болғанға дейін жүргізілетін алдын алу і с - ш а р а с ы .

6) Жолдардың жағдайы мен оларды көркейту, қозғалысты, байланысты, жарықтандыруды ұйымдастыру объектілері бойынша:

қоршаулар мен белгі беру бағандарын, белгілерді, қалқаншаларды ұдайы тексеру, бекітілген жерлерді тарту, қалқаншаларды түзету, шаң мен балшықтан т а з а р т у , ж у у ;

автобус аялдамаларын, демалыс алаңдарын, дәретханаларды, күркелерді, автопавильондарды оқтын-оқтын тексеру, шаңнан, балшықтан және қоқыстан т а з а р т у , ж у у ;

қозғалысты, байланысты және жарықтандыруды ұйымдастыру жөніндегі құралдарды күтіп ұстау және олардың жарамдылығын бақылау.

7) Жасанды құрылыстар бойынша:

жаяу жолдардың бойындағы жүру бөліктерін тазалағыш техника жүріп өткеннен кейін балшық пен бөтен заттардан тазарту;

жаяу жолдардың бойындағы жүру бөліктерін қар тазалағыш техника жүріп өткеннен кейін қар мен мұздан тазарту;

су бұру құбырларын балшықтан, тастардан және қардан тазарту; деформациялық жіктердің астындағы су бұру науаларын салындылардан т а з а р т у ;

табақшалардың ашық үлгідегі деформациялық жіктерде қозғалуы үшін саңылауларды балшықтан тазарту;

ашық үлгідегі жіктердің күрделі құрылымды тетіктерін тазарту және майлау; жаяужолдарды балшықтан, қардан және қоқыстар мен бөтен заттардан т а з а р т у ;

жаяужол блогындағы бос аралықтарды су өткізу үшін тазалау; жаяужолдардың астындағы кеңістікті балшық пен қардан тазалау; қанаттық, бөгеттік қоршауларды, жол белгілерін балшықтан тазарту; арқалықтардың бетін балшықтан, үйінді топырақтан, өсімдіктерден тазарту;

арқалықтар тірегінің бастыларын шаю; тірек бөліктерін қардан, балшықтан тазарту;

тіреу бөліктерінің жұмыс істейтін бетін графитті құрылыммен майлау; метал тірек бөліктерінің бекіту болттарын тарту;

тіректер мен фермалық алаңдардың бастарын қоқыстан, балшықтан, қардан ж ә н е м ұ з д а н т а з а р т у ;

құламалардың конустары мен бекітулерін балшықтан, шөптен және бұтадан т а з а р т у ;

тіректер мен мұз кескіштердегі мұздарды ою; сеңдер мен тасқын суларды өткізуді ұйымдастыру;

шолу құралдарын (баспалдақтарды, арбашаларды) тазарту; көпір құрылыстарын ағымдық және оқтын-оқтын тексеру;

көпір аймағынан ағыс бойымен 15-25 метрден жоғары және төмен өскен өсімдіктерді алып тастау және ағаштарды шабу;

темірбетон құбырларды ұйық пен балшықтан тазарту; кіші көпірлер мен құбырлардың саңылауларын күзде жабу және көктемде а ш у ;

сеңдерді, тасқын суларды өткізу, жолдар мен жол құрылыстарын су басуынан , мұз қатуынан, бітелулерден, орман және дала өрттерінен сақтау жөніндегі а л д ы н а л у ш а р а л а р ы ;

салдық өткелдерді, қалқымалы көпірлерді күту және қызмет көрсету.

8) Пайдаланымдық қызметтің ғимараттары, өндірістік базалары, жол зертханалары, аулалық құрылыстары мен қосалқы құрылыстары бойынша:

ғимараттарды, өндірістік базаларды, жол зертханаларын, аулалық құрылыстар мен қосалқы құрылыстарды жүйелі түрде күту (шатырларды, су

ағатын құбырларды, су ағатын науаларды, түтін мұржаларын тазарту, су құбырлық және кәріздік құрылғыларды және басқа жұмыстарды тазалау), жол қызметі ғимаратының ауласын, қорасы мен кіреберістерін таза және жарамды күйде ұстау, өрттен қорғау, күзеттік белгі беру жүйесін, күзет қызметін, диспетчерлік қызметті күтіп ұстау, аумақты жарықтандыру, сумен, газбен, жылумен, электрмен, радиобайланыспен қамтамасыз ету және оларды ақаусыз к ү й д е ұ с т а у .

17. Қысқы күтіп ұстау жөніндегі жұмыстарға мыналар жатады:

- 1) көктайғаққа қарсы материалдарды дайындау;
- 2) көктайғаққа қарсы материалдарды жасау;
- 3) қардан қорғау құралдарын (қалқандарды, қоршауларды, дарбазаларды және тағы сол сияқты) жасап шығару;
- 4) қардан қорғайтын дарбазаларды, қалқандарды, панельдерді және басқа да қардан қорғайтын құрылғыларды орнату, бөлшектеу және жөндеу;
- 5) жолдарды қардан патрульдік тазалау, жолдарды күртік қардан тазарту, жолдардың жүру бөліктерінің қар жамылғыларын пішіндеу, жол жиегінен, құламалардан және резервтердегі қар үйінділерін жою;
- 6) жүру бөлігін үйкелетін, химиялық және басқа да көктайғаққа қарсы материалдармен өңдеу, оларды талап етілген уақыттан кейін жүру бөлігінен ж и н а у ;
- 7) автобус аялдамаларын, павильондарды, демалыс алаңдарын және жол сервисі объектілерін қар мен мұздан тұрақты түрде тазалап тұру;
- 8) автомобиль жолдарының бойында қар ұстау үшін қар үйінділері мен орлар ж а с а у ;
- 9) қар көшкініне қарсы іс-шаралар ұйымдастыру;
- 10) мұз қатуымен күресу;
- 11) жолдардағы жүре алушылық туралы республикалық маңызы бар автомобиль жолдарындағы қар жинайтын машиналардың және механизмдердің жұмысы туралы, қыс мезгілінде және еріген және тасқын суларды өткізу мезгілінде ЖКО болған туралы, операторлар ұстау арқылы ақпарат жинау;
- 12) жол техникасы тұрақтары мен жылыту пункттерін жылумен қамтамасыз е т у ;
- 13) тайғақ жамылғылы учаскелерге қысқа мерзімдік қолданылатын белгілер о р н а т у ;
- 14) демалыс және мереке күндерінде қолайсыз ауа райы жағдайларында жол техникасының, механизаторлардың тәуліктік кезекшілігін ұйымдастыру;
- 15) бірлі-жарымды жағдайларда жетпей тұрған белгілерді, қоршауларды орнату. Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында зақымдарды түзету, жол белгілерінің қалқандары мен қоршауларын толық ауыстыру.

18. Автомобиль жолдарын көгалдандыру күртік қар және эрозияның нәтижесінде үйілген құмдардан қорғау және сәулет-көркемдік ресімдеу үшін орындалады. Көгалдандыруға өндірістік базалардағы егілген ағаштарды, егілген өсімдіктерді, көлік айырымдарындағы гүл бақтарын, гүлзарларды, газондарды күту, оларды құру, қалпына келтіру және безендіру кіреді.

19. Отырғызылған ағаштардың күтіміне мынадай жұмыстар кіреді:

- 1) топырақтың күтімі (трактормен баптау, атыздардағы топырақты қопсыту, арамшөптермен химиялық күрес);
- 2) орман алқаптарын жыртпай қалдыру;
- 3) ағаштарды шабуды жүргізу;
- 4) жол бойғы екпелердің зиянкестерімен және ауруларымен күресу;
- 5) өндіріс базаларында жаңа көшеттер отырғызу, бар өсімдіктерді суару және күту.

20. Ағаш отырғызуға, оларды қалпына келтіруге және безендіруге мынадай жұмыстар кіреді:

- 1) топырақты көшеттікке, ағаш отырғызуға және безендіруге арнап дайындау, көшеттер өсіру;
- 2) орман алқаптары мен безендірулерді орналастыру, сондай-ақ оларды өндірістік базаларда орналастыру;
- 3) орман алқаптары мен безендіруді толықтыру және отырғызу;
- 4) құдықтарды, ұнғымаларды, суару құбырларын және құрғату жыраларын орналастыру.

21. Айырымдардағы гүл бақтарының, гүлзарлардың, газондардың және безендірілген екпелердің күтіміне мынадай жұмыстар жатады:

- 1) топырақты дайындау;
- 2) көшеттерді өсіру;
- 3) отырғызу, суару және отау;
- 4) арамшөптерден тазарту;
- 5) күзде бір жылдық өсімдіктерді жинау.

22. Басқа жұмыстарға мыналар жатады:

- 1) жолдар мен жол құрылыстарының күзеті мен өрттік күзеті;
- 2) жолдарда зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсету;
- 3) жол бойғы жолақтардағы карантиндік өсімдіктермен және зиянкестермен химиялық және механикалық күрес.

4. Автомобиль жолдары мен жол құрылыстарын ағымдағы жөндеу

23. Ағымдағы жөндеу жолдар мен жол құрылыстарының ұсақ зақымдануының алдын алу және түзету жөніндегі жұмыстардың орындалуын

көздейді. Ол ақаулар ведомосі бойынша жолдарды тексеру нәтижелерінің негізінде, нормативтік қаржыландыруға сәйкес, ағымдағы жөндеуге арналған қаражаттар шегінде жоспарланады.

24. Автомобиль жолдары мен жол құрылыстарын ағымдағы жөндеу кезінде мынадай жұмыстар орындалады:

1) Жер төсемі мен су бұрғыш бойынша: жер төсемінің, су бұрғыштың, резервтердің, қорғаныстық, бекіністік және реттеуші құрылыстардың жекелеген ұсақ зақымдарын түзету; қосымша себу, жұқарту және жол жиегін жекелеген учаскелерде 1 километрге 100 текше метрге дейінгі көлемде қосымша себу арқылы тегістеу.

2) Жол төсемелері бойынша: жарықшақтарды, шұңқыршаларды бітеу, жолтабандарды жою, шұңқырлы жерлерді, отырып қалған жерлерді жою, жиектерді түзулеу, жамылғылардың барлық түрлеріндегі жекелеген жиектемелерді ауыстыру. Ісіңкі учаскелерді, отырып қалған жерлерді, жолтабандарды және шұңқырлы жерлерді жою бойынша тегістеу кезіндегі жұмыстар көлемі жолдардың көктемгі және күзгі тексерулер нәтижелерінің деректеріне сәйкес автокөліктің қауіпсіз жүріп өтуін қамтамасыз етуге қажетті мөлшерде қабылданады;

цемент-бетон жамылғылардағы жіктерді жөндеу және толтыру; битуммен өңделген жамылғыларды қоса алғанда, шағылтас және қиыршықтас жамылғылар бетіне таскебектер мен ұсақ қиыршықтас себу; жүру бөлігін таңбалау;

қиыршықтасты және топырақты жолдардың пішіндерін жекелеген учаскелерде 1 километрге 100 текше метрге дейін жаңа материалдар қосу арқылы түзету;

жолдарды хлорлы кальциймен, битуммен және басқа да материалдармен шаңсыздандыру;

автомобиль жолдарының дөңес учаскелеріне күтім, уақытша қоршау, ауа шұңқырларын орнату және қайтарғыны қамтамасыз ету.

3) Жасанды құрылыстар бойынша: кішігірім зақымдарды, құрылыстардың жекелеген элементтерін (тірек бөліктерін, сүйеніштерін, төсемдерін, бағандарын, сүйемелерін, дарбаза дуалдарын, құрғату құрылғыларын және тағы басқаларды) түзету; көпірлердің металл элементтерін бояу;

құрылымдардағы жарықшақтарды торқреттеу, қалауларды, сылақтарды жөндеу, тойтарма шегелерді ішінара ауыстыру;

жыралардан көлікпен және жаяу жүріп өтетін көпіршелерді ауыстыру және түзету;

қалқымалы көпірлердің, салдық өткелдердің және айлақтық құрылғыларының

кішігірім зақымдарын түзету (конопаткалау, көмкермелерді жөндеу, такелажды түзету, тағы сол сияқты);

көпірлердің, жол өткелдерінің жүру бөлігіндегі жамылғылардың шұңқырын жөндеу, жамылғыдағы жарықшақтарды бітеу;

өтпелі тақталардың сүйенбелерге жанасатын тораптарын герметизациялау; деформациялық жіктердің ұсақ жөндеуі;

болттарды тарту арқылы деформациялық жіктерден су ағуын жою; деформациялық жіктерді ескі мастикадан алдын-ала тазартып алып, оған мастика құю;

деформациялық жіктерде жылжымалы табақтарды пісіріп жабыстыру (олар жұлынып кеткен жағдайда), жетпей тұрған серіппелерді орнату; деформациялық жіктердің механизмдері мен құрылымдарының ұсақ жөндеуі;

деформациялық жіктің аймағындағы немесе жіктің үстіндегі жамылғыны ауыстыру;

жаяу жолдардың асфальт-бетон жамылғысындағы жарықшақтар мен шұңқыршаларды бітеу және толтыру;

жаяу жолдардың цемент-бетон жамылғысындағы жарықшақтар мен шұңқыршаларды бітеу және толтыру;

канаттық қоршаудың жекелеген сырлау бөлігін (боямасын) қалпына келтіру; жүру бөлігінің жиектемелік қоршауына таңбалар салу; автожолдардың үстіндегі жол өткелдерінің косбеттік арқалықтарының астына бойлық таңба салу;

автожолдардың үстіндегі жол өткелдерінің тіреулеріне бойлық таңба салу; бекітулердің бетонды тақталарының арасындағы жіктерді цементті ерітіндімен әшекейлеу;

құбырлардың жекелеген зақымданған түйіндерін, бастарды, құлама қанаттарын ауыстыру және жөндеу және кіретін және шығатын арналарды нығайтып, құбыр науаларын түзулеу;

үйінді мен реттеуші құрылыстардың шайылып кеткен жекелеген жерлерін жою;

көпірдің үйіндімен түйісуі үшін қазындыларды көме отырып, сол жерлердегі суды жою;

тіреулердің жанындағы шайылып кеткен шұқырларды бітеу; элементтерді шіріндіден тазарту, тақталарды, ағаш көпірлердегі төсемдерді ауыстыру;

жекелеген тойтарма шегелерді ауыстыру, металдан жасалған аралық құрылыстардың ұсақ деформацияларын түзету.

4) Пайдалану қызметінің жол ғимараттары, өндіріс базалары, жол

зертханалары, аула құрылыстары мен қосалқы құрылыстары бойынша: сылақ пен конопатканы түзету, қабырғаларды, едендерді, төбелерді, шатырларды, аражабындарды, терезелерді, есіктерді және сол сияқтыларды сырлау және әктеу, тұсқағаздарды жапсыру және ауыстыру, әйнектер салу, арақабырғаларды, қабырғаларды, едендерді, төбелерді, шатырларды, аражабындарды, терезелерді, есіктерді, пештерді, құдықтарды, ұнғымаларды, су құбыры және кәріз желілерін, жекелеген элементтерін ішінара ауыстыра отырып байланыс желілерін жөндеу, жылумен қамсыздандыру, желдету, жарықтандыру жүйесін және электр жабдығын жөндеу, зертханалық жабдықтарды ауыстыру және жөндеу.

5) Жолдарды жайғастыру мен көркейту, қозғалысты, байланысты, жарықтандыруды ұйымдастыру объектілері бойынша:

сирек жағдайларда жетпей тұрған белгілерді, қоршауларды орнату, зақымдарды түзету, жол белгілері мен қоршаулардың қалқаншаларын толық ауыстыру, панноларды орнату және жөндеу, жолдың жағдайының жекелеген элементтерін қалпына келтіру;

сәулет ресімдеу және көркейту элементтерінің жекелеген зақымдары мен ақауларын түзету;

автопавильондарды, күркелерді, жол белгілерін, қоршаулар мен автомобиль жолдары құрылысының басқа да элементтерін сырлау және әктеу, ойлық және ендік таңбалар салу;

күркелерді және отырғыштарды құру және жөндеу; қозғалыс, байланыс, жарықтандыруды ұйымдастыру объектілерінің жекелеген зақымдары мен ақауларын түзету.

б) Ұсақ деформациялар мен қираулардың ұлғаю мүмкіндігінің және одан да айтарлықтай үлкен қирауларға айналуының алдын алу мақсатында оларды жою жөніндегі жұмыстарды толық орындамауға жол берілмейді.

25. Автомобиль жолдарын бағытты тәсілмен жөндеуді орындау кезінде мынадай жөндеу жұмыстары кешенді жүргізіледі. Ол кешеннің ішіне 24-тармақта аталған ағымдағы жөндеу жөніндегі жұмыстар, сондай-ақ бағыт бойынша айқындалған қозғалысқа қауіпті ақауларды жою, оның ішінде 500 шаршы метрге дейінгі жергілікті учаскелер ауданындағы жол жамылғысының тегістігін қалпына келтіру жөніндегі жұмыстар кіреді. Жөндеудің маршруттық тәсілі кезінде бүкіл маршрут бойы, жергілікті учаскелердегі жол жамылғысының айтарлықтай деформациялары мен қирауларының шоғырланған жерлерінде жөндеу жұмыстары қиыстырылып орындалады.

Жұмыстар жол ұйымдастыру күштері ағымдағы жөндеулер мен тиісті ақауларды жою үшін қабылданған жұмыстардың технологиясы бойынша және ақаулар ведомосінің негізінде қолданыстағы ережелерге сәйкес ресімделген атқару сметалары бойынша жолдарды күтіп ұстау жүргізетін арнайы, әдеттегі

техникамен

орындалады.

Бағыттық жөндеу кезінде жергілікті учаскелердегі жол жамылғысының қауіпті ақаулары мен айтарлықтай деформацияларын және қирауларын жою кезінде мынадай жұмыстар орындалуы мүмкін.

1) Жер төсемі бойынша:

кішкене дөңес жерлерді жою;

опырылған, шөгіп қалған жерлерді және сел ысырындыларын тазарту;

жол жағаларына қосымша себу және бекіту.

2) Жол төсемелері бойынша:

жергілікті учаскелердегі жамылғылардың ісіңкі жерлерін жою;

жамылғыдағы кедір-бұдыр жерлер мен қауіпті болып табылатын тегіс емес жерлерді тегістеу, опырылған жерлерді бітеп, бетін өңдеу;

жергілікті жерлерді қауіпті деформациялар мен тегіс емес жерлерді жою мақсатында ойып, кейін содан алынған материалды негіз қабаты үшін пайдалану

және жаңа жамылғы қабатын салу;

шағылтас және қиыршықтас жамылғылардың пішіндерін қалпына келтіру.

5. Автомобиль жолдары мен жол құрылыстарын орташа жөндеу

26. Орташа жөндеу жол мен жол құрылыстарының алғашқы пайдалану сапасын қалпына келтіруге байланысты жұмыстардың оқтын-оқтын орындалуын көздейді.

27. Орташа жөндеу кезінде жол жамылғыларының тозу қабаты мен тегістігі оқтын-оқтын қайта қалпына келтіріліп, сондай-ақ жер төсемінің, су бұру жүйесінің, жасанды, қорғаныстық, бекітуші, реттеуші және басқа құрылыстардың зақымдары түзетіледі.

Орташа жөндеу жөніндегі жұмыстардың көлемі жолдардың күйін анықтау нәтижелері мен ақаулар ведомосінің негізінде жасалатын сметалық есеппен анықталады.

28. Автомобиль жолдары мен жол құрылыстарын орташа жөндеу кезінде мынадай жұмыстар орындалады:

1) Жер төсемі мен су бұру бойынша:

ылғалды және қар басатын жерлердегі жер төсемінің ұзақтығы бойынша кішігірім учаскелерін көтеру және кеңейту, кішігірім ісіңкі учаскелерді жою;

қазіргі бар су бұру жыраларын тазарту, жаңа жыралар қазу, үйінділер мен ойықтар еңістерінің зақымдануын түзету және тіктігін азайту, құрғатқыш, қорғаныстық және бекіністік құрылыстарды, су бұру құрылыстарын және көпірлер мен құбырлардың жанындағы бұру арналарын түзету, шөп егу; жер төсемінің құламаларына шөптерді отырғызу мен резервтерге тұрақты

шым жабындарын жасау бойынша қажетті агротехникалық іс-шаралар жүргізе отырып, шөптер өсіру, опырылған жерлерді, шөгіп қалған жерлерді және сел ы с ы р ы н д ы л а р ы н т а з а л а у ;

жол жағаларына қосымша себу, жұқарту, тегістеу және бекіту.

2) Жол төсемесі бойынша:
беттік өңдеулерді орнықтыру;

жетілдірілген жамылғылардың тозған жоғарғы қабаттарын қалпына келтіру мен қазіргі бар жол төсемесін бөлшектей және қажетті жағдайларда беттік өңдеуді жүргізу арқылы топырақты тұрақтандыра отырып жекелеген және ісіңкі учаскелерде жол төсемесін жайғастыру;

кедір-бұдырлары, жолтабандары, қаспақтары бар жамылғыны қопсыту немесе жаңа материал қосу арқылы регенерациялау;

темірбетон және цементбетон жамылғылардың жекелеген тақталарын ауыстыру, көтеру және түзету;

шағылтасты және қиыршықтасты жамылғылардың, сондай-ақ топырақты жолдардың пішінін жолдың бір километріне 500 текше метрге дейінгі мөлшерде материалдар қосу арқылы қалпына келтіру;

қиыршықтасты және топырақты жолдардың жүру бөлігін тұтқырғыш және шаңсыздандырғыш материалдармен жақсарту;

вираждарды жайғастыру және қозғалыс үшін қауіпті қисықтарда көрінімді қ а м т а м а с ы з е т у ;

жөнделіп жатқан учаскелердегі жүру бөлігін белгілеу.

3) Жасанды құрылыстар бойынша:

деформациялық жіктердің астындағы су бұру науасын қалпына келтіру; су бұру құбырларын жөндеу (құбырларды ұзарту немесе қосымша құбырлар о р н а т у) ;

су оқшаулау жүйесінің жаяу жолмен жанасатын жерінде жамылғыдағы жіктерді жайғастыру және оларды мастикамен толтыру;

су бұру құбырларындағы оқшаулауды жөндеу;

көпірдің отыруы 10 сантиметрден көп болған жағдайда үйіндімен жанасатын тораптарын жөндеу (үстіне шағыл тас себу арқылы қосымша жамылғы есебінен т е г і с т е у) ;

жаяужолдың үйіндімен жанасатын шеткі тақталарын ауыстыру; жол төсемесін қалпына келтіре отырып өтпелі тақталардың жекелеген орнынан жылжып кетуін жою;

өтпелі тақтаның астындағы топырақ тақталарды ашқан кезде шайылып кеткен жағдайда, ол жерге топырақ себу;

болат элементтері бар деформациялық жіктердің бөлшектерін ішінара а у ы с т ы р у ;

жұмыстар жол төсемесі деңгейінде жүргізіліп жатқан кезде мастикамен және резинамен толытырылған жабық тұрпаттағы деформациялық жіктерді ауыстыру;
жаяужолдардағы деформациялық жіктерді ауыстыру;
жаяужол жамылғысын тегістеу, жаңа жамылғы жайғастыру;
жаяужол блоктарындағы кең тесіктердің опырылған жерлерін бітеу,
жаяужолдардың бетін қорғағыш жамылғысымен өңдеу;
жаяужол блоктарындағы опырылған және шытынаған жерлерді жою;
жаяужол блоктарының түйіспелерін нақыштау және оқшаулау;
жаяужолдарды қалпына келтіру, жекелеген зақымданған блоктарды күшейту
н е м е с е а у ы с т ы р у ;
жаяужол тақталарының сынған жерлерін жою;
оқшаулауды жайғастыру немесе жаяужолдарды асфальтбетонмен жабу;
жекелеген бөлімдерді жөндеу, қанаттардың жекелеген тіреуіштерін
а н к е р л е у д і к ү ш е й т у ;
қанаттарды көпір құрылысының бүкіл ұзындығы немесе ұзындығының бір
б ө л і г і б о й ы н ш а а у ы с т ы р у ;
қанаттарды бүкіл ұзындығы бойынша сырлау;
қанаттар тіреуіштерінің бекіту тораптарын жаңа анкерлермен ауыстыру;
гидрофобиялау немесе бетон құрылымының барлық беттерін (тақталарды,
арқалық қабырғаларын, доғаларды және басқа да элементтерді) сырлап шығу;
диафрагмалардың түйіспелерін жөндеу;
көпірлер мен жол өткелдерін ішінара қайта салу немесе жөндеу, сондай-ақ су
өткізетін құбырларды олардың габариттері мен есепті жүктемелерін техникалық
құжаттамаларда бекітілген жөнделетін жол үшін белгіленген техникалық
категорияға сәйкес нормаларға дейін жеткізу арқылы толық немесе ішінара қайта
с а л у ;
көпірлердегі күрделі емес жөндеу жұмыстарын орындау (төсемелерді,
арқалық торларын, жекелеген тораптар мен элементтерді ауыстыру, қалауларды,
жер төсемімен жанасатын жерлерді түзету және тағы басқалар);
алдын-ала кернеуленген темірбетон және метал аралық құрылымдардағы
құрылыстық к ө т е р м е л е р д і б а қ ы л а у ;
көпірдің жүру бөлігіндегі жамылғыларды қалпына келтіру немесе ауыстыру;
жаяужол блоктарындағы саңылауларды тығындау, жаяу жолдарға
ж а м ы л ғ ы л а р т ө с е у ;
қоршауларды жөндеу және қайта жаңарту;
деформациялық жіктерді материалдар мен құрылымдарды ауыстыра отырып
ж ө н д е у ;
с у о қ ш а у л а у ж ү й е с і н ж ө н д е у ;
жаяужолдарды, қанаттарды, жиектемелерді жөндеу және ауыстыру;

көпірдің жүру бөлігіндегі су бұрғышты жақсарту, құбырлар мен кеңістіктерді а у ы с т ы р у ;

темірбетон құрылымдардың маңдай беттерін судан оқшаулау, негізгі арқалықтардың беттерін сырлау;

жарықшақтарды беттік герметикаландыру, қаяуларды, опырылған жерлерді бітеу, көпірдің темірбетон элементтерінің қорғағыш қабатын қалпына келтіру;

металл аралық құрылымдарды тұтас сырлап шығу; арқалықтардың өзара біріккен жерлерін қалпына келтіру; құрғатқыш пен су бұрғышты, өтпелі тақталарды ауыстыру арқылы көпірдің үйіндімен жанасқан жерін жөндеу;

жер төсемі мен реттеуші құрылыстардың еңістерінің бекітулерін жөндеу; тіректер мен реттеуші құрылыстардың шайылып кеткен жерлерін жою; металл аралық құрылымдардағы жекелеген элементтерді күшейту, өтпелі фермалы көпірлердегі тор элементтерін түзету;

тойтарма шегелерді беріктігі жоғары болттарға ауыстыру; тіреу бөліктерін жөндеу және оның жобалық жағдайын қалпына келтіру; тірек алаңшаларындағы төкпелерді жөндеу және қалпына келтіру; каптама жіктерін әшекейлеу, ерітінділерді жарықшақтарға құю; аралық құрылымдар мен тіректердің шолу құрылғыларын жөндеу және қ а л п ы н а к е л т і р у ;

тірек денесін жөндеу;

темірбетон аралық құрылымдарды тіреу орындарында тіреу бөліктерін кү ш е й т у ;

құбырлардың бастары мен жекелеген бөліктерін жөндеу, оқшаулар мен т ү й і с п е л е р д і түзету;

тіреуіш қабырғаларды, бекіткіш және реттегіш құрылыстарды, галереялар мен қалқаларды жөндеу, сондай-ақ олардың жекелеген элементтерін ауыстыру.

4) Жолдардың жағдайы мен оларды көркейту, қозғалысты, байланысты, жарықтандыруды ұйымдастыру объектілері бойынша:

жолдардың елді мекендер арқылы өтетін учаскелеріндегі қолданыстағы жаяу жолдар мен жүргінші жолдарын жаңадан жасау және жөндеу;

жекелеген қоршауларды жаңадан жасау, жөнделіп жатқан учаскелердегі жол белгілері мен бағыттаушы құрылғыларды жаңадан орнату және ауыстыру (қалпына келтіру), сәулеттік безендіру мен жеке айырымдардың көркейтілуін, демалыс алаңдарын, автомобиль тұрақтарын, көрнекті жерлерді қоса алғанда қ о р ш а у л а р д ы ж ө н д е у ;

ауыспа жолдар мен өтпе жолдарды, жазғы және трактор жолдарын жөндеу; сигнализацияны, жол қозғалысын, байланыс құралдары мен жарықтандыруды ұйымдастыру объектілерін жөндеу;

автожолдардың жайластыру элементтерін (автопавильондарды, тіреуіш кабырғаларды, ақпараттық панноларды және басқа ғимараттарды) жөндеу.

5) Жолдардың пайдаланымдық күйін қалпына келтіруді және көлік құралдары қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін басқа да жұмыс түрлері.

6. Автомобиль жолдары мен жол құрылыстарын күрделі жөндеу

29. Күрделі жөндеу жолдар мен жол құрылыстарының көлік-пайдаланымдық жай-күйін арттыруға, оның ішінде жол төсемелері мен жол құрылыстарының беріктігін қолданыстағы жолдардың техникалық санат нормаларының шамасында арттыруға байланысты жұмыстардың мерзімді түрде орындалуын көздейді.

30. Күрделі жөндеуге жататын жол учаскелері жөндеуаралық қызмет мерзімдері мен жол диагностикасының нәтижелері негізінде белгіленеді.

31. Автомобиль жолдары мен жол құрылыстарының күрделі жөндеуі мемлекеттік сараптамадан өткен және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген жобалық (жоба-сметалық) құжаттама бойынша орындалады. Жолды күрделі жөндеудің жобасы жолдың көлік-пайдаланымдық жай-күйін анықтау және бағалау нәтижелері негізінде орындалады. Жекелеген жағдайларда, апатты жағдайлардан туындаған жұмыс кезінде кейіннен қазіргі бар қолданыстағы заңнамаға сәйкес ресімделген ақаулар ведомосі мен атқару сметасы бойынша күрделі жөндеу жүргізуге рұқсат етіледі.

32. Күрделі жөндеу кезінде ұзақтығы жолдың жалпы ұзындығының 25%-на дейінгі жоспарда, сондай-ақ бойлық пішінде жолдардың жекелеген түзетулерін жүргізуге рұқсат етіледі.

33. Күрделі жөндеу кезінде мынадай жұмыстар орындалады:

1) Жер төсемі мен су бұру жүйесі бойынша:

жер төсемін оның геометриялық параметрлерін техникалық құжаттамада бекітілген жөнделіп жатқан жол үшін белгіленген техникалық санаттарға сәйкес нормаларға дейін жеткізу арқылы түзету (топырақтарды кеңейту, көтеру, ауыстыру, көрінімді қамтамасыз ету, дөңгелектену радиусын арттыру, бойлық еңістерді жұмсарту, тік қисықтар мен вираждарды орнықтыру), жолдың жеке учаскелерін түзету;

ісіңкі, опырылған және шөккен учаскелерді жою, қабатшаларды оқшаулайтын құрғатқыштарды орнықтыру және жер төсемінің тұрақтылығын қамтамасыз ететін басқа да жұмыстар;

істеп тұрған қажетті су бұру құрылғыларын, жағаны қорғау және эрозияға

қарсы құрылыстарды қалпына келтіру және қайта салу, сондай-ақ жаңадан салу; автомобиль жолдарының қиылысқан және жанасқан жерлеріне жер төсемі мен су бұру жүйесін орнату, сондай-ақ автомобиль жолдарының жүру бөлігінен тыс жерлерге аялдамаға арналған алаңшалар, автомобиль тұрақтары және демалыс алаңшаларын салу жөніндегі жұмыстарды орындау; күрделі жөндеу жөніндегі жұмыс аймағында орналасқан жол жанындағы резервтерді, жойылатын жол учаскелерін баптау; тасқын су, сел, нөсерлі жаңбыр және басқа да табиғи апаттардың салдарын жою.

2) Жол төсемесі бойынша:

жол төсемесін бір қозғалыс жолағынан аспайтындай етіп күшейту (қалыңдату), кеңейту және қазіргі бар жол төсемесін регенерациялау және оны негіз ретінде пайдалану арқылы аса жетілдірілген жол төсемесінің үлгілерін төсеу, сондай-ақ жолдардың қайта орнықтырылып (қайта түзетіліп) жатқан учаскелеріне және елді мекендердің айналма жолдары мен оған келетін жолдарға жаңадан жол төсемесін төсеу, көлік айырымдарына, инженерлік құрылғыларға, жаяужолдарға, жүргінші және велосипед жолдарына, автобус аялдамаларына, демалыс алаңдары мен автокөлік тұрақтарына жол төсемесін төсеу;

шағылтас және қиыршықтас жамылғылардың, сондай-ақ топырақты жолдардың пішінін жаңа материалдар қосу арқылы түзету, жүру бөлігін тұтқырғыш материалдармен жақсарту;

жасанды және табиғи материалдардан жасалған жиектемелерді және жетілдірілген жамылғылардың шеттеріндегі бекіту жолақтарын, соның ішінде негізгі жол төсемесінің үлгісі бойынша жаңадан орнату және тозғандарын ауыстыру.

3) Жасанды құрылыстар бойынша:

көпірлерді, сондай-ақ жүргінші жолдарын, жол өткелдерін олардың габариттері мен тасу қабілеттерін техникалық құжаттамада осы жөндеуге (көпірді жаңа арқалықтар қоспай габаритін кеңейту арқылы; габаритті кеңейте отырып және ригельді үлкейту және күшейту арқылы салу, толық немесе бір бөлігін қайта салу, жаңа арқалықтар қосу арқылы; габаритті кеңейте отырып және бір жағынан немесе екі жағынан тіреуді ұлғайтатын арқалықтар қосу арқылы жөндеу) ауырлыққа дейін жеткізе отырып кеңейту және күшейту;

негізгі арқалықтар мен металды көпір фермасының элементтерін түзету және күшейту;

металды аралық құрылымдарды ауыстыру;

көпірдің жүру бөлігін ауыстыру;

су өткізгіш құбырларды салу және қайта салу;

бөліктерді, бастарды ауыстыру және құбырларды бекіту;

құбырлардың зақымданған сақиналарын ауыстыру;
құбырдың ұзындығын жаңа сақиналар мен бастар есебінен өсіру;
қалқымалы көпірлерді, салдық өткелдерді, теміржол өтпесін тұрақты
көпірлермен және жол өткелдерімен алмастыру;
тіреуіш қабырғаларды, қорғаныстық, бекіту және реттеуші құрылыстарды
жайғастыру және қалпына келтіру;
қайтадан салынған және жаңадан салынған көпірлерді сынау;
тоннельдердің құрылымдық элементтерін, тау жолдарындағы қорғаныс
галереялары мен қалқаларды, жөндеу және ауыстыру, сондай-ақ уақытша
галереялар мен қалқаларды тұрақтылармен алмастыру.

4) Пайдалану қызметінің ғимараттары, қосалқы құрылыстары мен өндірістік
б а з а л а р ы б о й ы н ш а :

ғимараттарды сыртқы қабырғалардың шегінде ішін қайта жоспарлау,
қолданыстағы ғимараттардың жанынан қосалқы-көмекші және
санитарлық-тұрмыстық орындар салу;

ғимараттардың ақаулары мен зақымдарын оның қабырғалары мен
жабындарының материалдарының 40%-на дейінгісін ауыстыра отырып жою,
оның ағаш іргетасын тұрақтыларымен алмастыру;

орталық жылу, сумен қамсыздандыру, газдандыру, канализация, электрлі
жарықтандыру жүйелерін жайғастыру және қолданыстағы желілерге, газ
құбырларына және байланыс желілеріне жалғану;

құны ғимараттардың құнынан 25%-нан аспайтын аулалық құрылыстарды (
қоралар, үш машинаға дейін сыйатын гараждар, қоймалар, құдықтар, қазылған
шұңқырлар және тағы басқалар), қоршауларды, аулалық немесе қоралық
қ ұ р ы л ы с т а р о р ы н ы қ т ы р у ;

бұл үйлерді кейінірек желілік жол-пайдалану қызметінің жұмысшыларын
орналастыру үшін пайдалану мақсатында уақытша ғимараттар мен құрылыстар,
уақытшалардың орнына тұрақты тұрпаттағы тұрғын үйлер үшін көзделген
сметалық соманың шегінде жолдарды күрделі жөндеу жөніндегі жұмыстарды
жүзеге асыру орындарында қажетті уақытша ғимараттар мен қосалқы
құрылыстарды (битум, тас уату, асфальтбетонды, цементбетонды базалары) салу;

жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін топырақ қорын, жергілікті тас кен
орындарын және өнеркәсіптік кәсіпорындардың қалдықтарын (күл, боксит
шламы және тағы басқалар) игеру, оларға келетін жолдарды, энергиямен
қамсыздандыру жүйесін, материалдарды сақтауға арналған алаңдар орнықтыру.

Бұл мақсаттардағы жылдық шығындар ағымдағы жылдағы күрделі жөндеудің
жалпы қаражатының 10%-нан аспауы тиіс.

5) Жолдардың жағдайы мен көркеюі, қозғалысты, байланысты,

жарықтандыруды ұйымдастыру объектілері бойынша:

жолдардың немесе олардың жеке учаскелерінің сәулеттік ресімделуі және көркейтілуі;

аялдама, қону алаңдары мен автопавильондар, қауіпсіздік аралшықтарын, демалыс алаңдарын (күркелері, су көздері, қарау шұңқыры немесе автомобильді жолда алдын ала тексеруге арналған эсткадалары және басқа да құрылыстары бар), автомобиль тоқтайтын немесе тұратын алаңдар, жүргіншілер өтетін жолдарды (оның ішінде әр түрлі деңгейдегі), сондай-ақ жаяу жолдар, елді мекен ішіндегі жол учаскелеріндегі жаяу жүргіншілер жолдарын жайғастыру;

күрделі жөндеу жүріп жатқан учаскелердегі құрылғылар мен жол белгілерін бағыттайтын бөгеттік қоршауларды жаңадан жайғастыру немесе ауыстыру;

автомобиль жолдарының бір және әр түрлі деңгейлердегі қиылыстары мен жанасуларының, сондай-ақ бүкіл жолдың бойындағы немесе оның учаскелеріндегі жеке өтпелердің, шығу жолдарының және вираждардың, желілік жол қызметінің ғимараттарына және жол сервисі кешендеріне келетін жолдардың жаңасын орнықтыру және қолданыстағыларын қайта жайғастыру;

жаздық трактор жолдарын жаңадан орнықтыру немесе қолданыстағысын қайта орнықтыру, табиғи апаттардан қираған жол учаскелерін жөндеу немесе қалпына келтіру кезінде уақытша айналма жолдар жасау;

автомобиль жолдарының өзара және теміржолмен қиылысатын жерлеріндегі қозғалысты ұйымдастыратын және реттейтін техникалық құралдарды жаңадан орнықтыру (монтаж);

жолдың жеке учаскелеріне, көпірлер мен салдық өткелдерге электрлі жарықтандыру, жол желілік (телетайптық) немесе радиобайланыс және басқа да технологиялық байланыс құралдарын орнықтыру;

қозғалысты есепке алу жөніндегі бекеттерді, қар өлшейтін және су өлшейтін және жолдың жұмысын, оның жеке элементтерін, құрылыстарын және оның бойынан өтетін көлік ағындарын зерттеуге қажетті басқа да құрылғыларды жайғастыру және жабдықтау;

қоршаған ортаны қорғау жөнінде іс-шараларды жүргізу (қазандықтардағы шаң ұстайтын құрылғыларды орнату, су көздерін ластанудан сақтау және тағы басқа жұмыстар).